

5

Ералин Қ., Ж.Айменов

ҚАЗАҚСТАН
БЕЙНЕЛЕСУ ӨНЕРІ



2045
4
9

-443228-

Графини К. А. Ахмедовичи.
Таз-и Бейналеу Онери

2009


Раиба Р 8.04.10.

сезонада д
27.09.10г.

Ералин Қ., Ж. Айменов

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Оқу әдістемелік құрал.



Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті

КІТАПХАНА

Түркістан қаласы

Түркістан 2009

- 443228 -

УДК 73/76 (075.8)
ББК 85.103(5ҚАЗ)6 я73
Е 64

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Оқу әдістемелік кеңесінің (№8 29 қыркүйек 2008 жылғы) мәжілісінде бекітіліп баспаға ұсынылған.

Қ. Ералин, профессор, педагогика ғылымдарының докторы,
Ж. Айменов, – профессор, техника ғылымдарының докторы
«Қазақстан бейнелеу өнері». Оқу құралы. Түркістан:
Тұран.Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009, -222 бет

ISBN 9965-792-08-9

Пікір жазғандар:

І.Сманов профессор, педагогика ғылымдарының докторы
Ж.Көшенов доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты
Ж. Бейсенбеков доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты

Бұл оқу құралы 050107- «Бейнелеу өнері және сызу» және 050421- «Киім дизайны» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге өнер тарихы пәнін меңгеруге арналған.

Оқу құралында бейнелеу өнерінің қысқаша тарихы қарастырылған. Өнер тарихы пәнінің оқу бағдарламасының бір бағыты болып табылатын қазақ бейнелеу өнерін жоғары оқу орнында оқыту үдерісінде жоспарланған тақырыптар толығымен қамтылған.

УДК 73/76 (075.8)
ББК 85.103(5ҚАЗ)6

Е 4903000000
00(05)09

©Ералин Қ., Айменов Ж., 2009 ж.
©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009ж.

Кіріспе

Қазақстан бейнелеу өнеріні деп аталатын бұл еңбек бейнелеу өнері тарихына қатысты мәселелерін ғылыми зерттеудің және осы курсты оқытудың көп жылғы тәрбиесін қорытудың негізінде жинақталған. Мұнда қазақ бейнелеу өнерінің тарихының кейбір мәселелері, курсты оқыту маңызы мен міндеттері, мазмұны, өнертану білімдері мен өнер шығармаларын талдаудың жолдары қарастылады.

Егеменді еліміздегі мектептерде қазақ бейнелеу өнерінің шығармаларымен оқушыларды таныстыру үшін, болашақ мұғалімдердің қазақ бейнелеу өнері арқылы өнертанымдығын қалыптастыру қажеттігі туындайды. Қазақ бейнелеу өнеріні пәнінің лекциялық сабақтарында оқытушы шығармаларға талдау жасау барысында бейнелеудің перспектива, жарық пен көлеңке, композиция, тұстану заңдылықтарын оқытып үйретуді мақсат етіп ғана қоймайды, сонымен қатар қазақ бейнелеу өнері шығармаларын студенттерге терең және жан-жақты таныстыруды қажет етеді. Қазақ бейнелеу өнері тарихын жоғары оқу орнында оқыту болашақ мұғалімдердің көркем мәдениетке деген оң көзқарасын қалыптастыруға және өнертану білімдерін мүмкіндік туғызады.

Қазақстан бейнелеу өнері – болашақ мұғалімдердің көркем шығармамен өз бетінше жұмыс істеуіне, талдау жасауына және оған баға беруге, эстетикалық, этикалық, рухани, мәдени, дүниетанымдық деңгейлерін арттыруға мүмкіндік туғызатын пән. Бүгінгі күнгі аса маңызды міндет жастарға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай жақсарту. Осы міндетті шешуде мұғалім маңызды жұмыс атқарады. Сондықтан болашақ мұғалімдер ертеңгі педагогикалық қызметінде жастардың әсемдік сезімін, жоғары эстетикалық талғамын дамыту, өнер шығармаларымен, тарих пен архитектура ескерткіштерімен, туған елдің табиғатының сұлулығымен байлығын түсіндіріп, оларды мәдени құндылық ретінде бағалай білу қасиетін қалыптастыру қажет. Әсіресе зор танымдық және тәрбиелік күші бар бейнелеу өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет. Осы мүмкіндіктерді жетілдіру үшін көркемдік білім беретін арнайы мектептердегі өнер тарихы пәнін дұрыс жолға қою үшін алдымен тиімді, сауатты құрылған бағдарлама болу қажет. Өткен қоғамдық өмірді, өнер адамдарының істеген кәсібін, дәстүрлі өнерін, халықтың тұрмыс-салтын, салт-дәстүрін білмей тұрып, оқушыларға бүгінгі өнерді оқыту мүмкін емес. Осыған орай орта білім беру саласындағы пәндердің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартты бекітілді және жоғары кәсіби білім берудің стандартты даярланды. Жаңа білім стандартына сай білім беру жүйесіне “өнер” бөлімі енгізілді. Бұл бөлім “Әлемдік көркем мәдениет” курсы және «Өнер тарихы» немесе өнер танудың басқа пәндері арқылы көрініс табады. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 8-бабында білім берудегі басты міндет ретінде жеке тұлғаның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауаттық өмір салтының негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасай отырып, олардың ақыл – ойы мен зердесін байыту

сондай-ақ әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне үйрету қажеттігі атап көрсетілген. Сондықтан ұсынылып отырған оқу құралында, жалпы өнер тарихындағы қазақ бейнелеу өнерінің орны, даму жолы мен әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін, шет ел өнеріндегі көркемдік ағымдар мен Қазақстан өнерінің өзіндік ерекшеліктерін кең көлемде қарастыратын, оқушыларға имандық-эстетикалық тәрбие берге қажетті болашақ мұғалімнің дайындығын қамтамасыз ететін кешенді бағдарламасын ұсынып, оның әрбір тапсырмалары қарастырылды.

Болашақ өнер мамандарын дайындайтын жоғары оқу орнының оқу жоспарына сай берілген «Өнер тарихы» курсындағы “Қазақстан бейнелеу өнері” бөлімде қазақ халқының бейнелеу өнері тарихының өркендеп, даму, өзгеру сияқты сатылары соның ішінде мүсін өнерінің түрлері, қол өнер, ою-өрнектер, зергерлік, сәулет өнері, киіз-үй, кесене ескерткіштері, тас таңбалар мен суреттер жөнінде студенттерге терең мағлұмат берілуі тиіс. Бүгінгі күні Қазақстан бейнелеу өнерінің негізгі кезеңдерін сараптайтын оқулық әдебиеттері әлі пайда бола қойған жоқ. Дегенмен, кезінде қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуына, дамуына күш салған Москва, Ленинград секілді орталық қалалардан білім алып келген суретшілер шығармалары мен олар туралы деректі әдебиеттер, бізге жеткен өнертанымдық материалдарды «Өнер тарихы» курсы бойынша әлемдік мәдениетпен, өнермен тең қарастырып, оқыту қажеттігі туындауда.

Оқу құралында: Қазақстанның ежелгі мәдениеті, Қаратау мен Хантау тауларында тасқа қашалған жан-жануарлар тұрпаты, Баянауыл мен Жасыбай үңгірлеріндегі көне өнер нұсқалары, Андронов мәдениетінің мұралары, қазақ жерінде өмір сүрген көне тайпалардың тұрмыс-тіршілігін, айналысқан кәсібін пайымдау, діни нанымдағы суреттердің скиф мәдениетімен байланысы, аңдарды бейнелеу стилі, қола мүсіншілер туралы әңгіме лекциялық сабақ өткізуге қажетті өнертанымдық материалдар болып табылады.

Қазақ көркем мәдениетін зерттеушілердің зерттеу нәтижелері негізінде алынған Қазақстанда ата-бабамыздан қалған жиырма бес мыңға тарта заттық-мәдени ескерткіштер бар. Бұлардың өзі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетіміздің жетістіктері халқымыздың ұлттық мақтанышы болып табылады. Оқу құралында осы аталған жетістіктер туралы мағлұматтар берілген.

Қазақстанның пластикалық өнері бір жағынан ежелгі, екінші жағынан жас өнер деуге болатын өнер. Андронов мәдениетіне жататын ескерткіштер, байырғы түркі өнері, қыпшақ заманы кезеңіндегі ескерткіштер өнер тарихынан ерекше орын алатын құндылықтар қазіргі өнермен байланысты мәліметтер берілген. Қазақстанда жемісті еңбек еткен, алғашқы мүсіншілер творчествосы, 50-60 жылдардағы қондырғылы мүсін саласы бойынша еңбек еткен қазақтың тұңғыш профессионалды мүсіншісі Х.Е.Наурызбаев еңбегіне, портреттер жасаудың нәзік шебері мүсінші Т.С.Досмағамбетов шығармашылығына, мүсіннің кеңістікпен байланысын кеңейту мәселесіне ерекше көңіл бөлген мүсінші Е.Т.Мергеновтың еңбектеріне оқу құралынан орын берілген.

Оқу құралында украин ақыны, ойшыл, суретші Т.Г.Шевченко, орыстың баталист суретшісі В.В.Верещагин, қазақтың әуесқой суретшісі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, Қазақстанда өмір сүрген суретшісі Н.Г.Хлудов, т.б. Қазақстан бейнелеу өнеріне яғни оның ішіндегі сурет, кескіндеме саласына қосқан зор үлестері ашып көрсетіледі. Ұлттық қылқалам шебері, табиғатты және өнердің міндеттерін түсіне білуде өзінің аңғал тазалығын шығармашылық өмірінің өн бойына таза сақтаған Ә.Қастеевтің картиналары, қазақ халқының әйелдері арасынан шыққан тұңғыш кәсіпқой суретші А.Ғалымбаеваның шығармашылық еңбектері оқу құралында айқындалған.

Қазақстан өнерінде жаңа даму тенденциялардың туындауы жалпы өнердің өркендеуімен тығыз байланысты. Ұлттық қолтаңба және колорит ізденістері, декоративизм, айшықты бояу түсі, дәстүрлі өнер формалары бейнелеу өнеріндегі өзіндік қолтаңбасы бар Т.Тоғызбаев, Е.Төлепбаевтің туындыларымен таныстыру барысында ұсынылады.

Оқу құралында қол өнердің ұлттық мәдени тарихымызда алатын орны, қол өнер түрлері, ұста, зергер, шеберлерінің іс-әрекеті туралы мәліметтер берілген. Қолөнердің ең көп тараған: өрмек тоқу, кілем тоқу, текемет басу, сырмақ сыру, түскиіз жасау, ағаш өңдеу, үй жиһаздары мен ыдыс аяқ жасау өнері, тері ұқсату мен етікшілік, сүйек өңдеу, киіз басу сияқты өнері түрлерінен тың мәліметтер берілген.

Оқу құралында қазақ бейнелеу өнері шығармаларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері, орындау техникасының өнертанымдық мәселелері сөз болады. Қазақ бейнелеу өнері шеберлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер көрініс тапқан. Еңбекті жазуда педагогика ғылымының, әсіресе дидактиканың соңғы жетістіктері ескерілген. Кітапта негізінен қазақ бейнелеу өнерінің тарихы баяндалады. Бірақ қазақ бейнелеу өнерінің теориясы мен сынына да қатысы бар әлемдік өнердегі көркемдік ағымдар туралы да материалдар берілген.

Оқу құралы бейнелеу өнері тарихы мәселелерін мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытудың негізгі бағыттарын көрсетеді. Мұғалімдермен әдіскерлердің ұзақ жылғы бай тәжірибесіне сүйеніп өнер тарихының көркемдік білім мазмұнын игерудің дәстүрлі әдіс-тәсілдері мен қазіргі заманғы оқыту технологиясы тұтас бірлікте қарастырылады.

Көркемдік білім беру мазмұнының заман талабына сай күрделі өзгерістерге түсуі оны оқытудың әдіс-тәсілдерін де жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатқа сәйкес оқу құралының бөлімдерін, тақырыптарын жаңа мазмұнмен байытуда педагогика мен психология ғылымдарындағы концептуалдық жаңа бағыттар, идеялар басшылыққа алынды. Бұл жағдай оқу құралына өнертанымдық теориялық сипат береді.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған бейнелеу «өнері тарихы» пәні бойынша қазақ тілінде оқулық осы кезге дейін жазылған жоқ. Оқу үдерісінде пәнді жетік игері үшін дайындалған осы оқу құралы аталған оқу әдістемелік кешеннің алғашқы теориялық бөлігі ғана. Бұл еңбек негізінен мектепте бейнелеу өнері пәнінен сабақ беретін бейнелеу өнерінің болашақ мұғалімдеріне арналған. Сонымен қатар ол жоғарғы оқу орындарының,

бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттеріне, сонымен қатар жалпы бейнелеу өнерін оқыту мәселелерімен шұғылданатын оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, аспиранттарға және т.б. ізденушілерге пайдалы болмақ. Автор осы оқу құралын жоғарғы оқу орындарында білікті суретші педагогтарды мектептегі өнертанымдық, педагогикалық қызмет пен эстетикалық тәрбие жұмысына дайындауға көмек көрсетеді деп үміт артады.

Түркі халықтарының көркем мәдениетіндегі қазақ қолөнерінің орны Қазақ жеріндегі ежелгі түркі халықтарының көркем мұралары өзіндік көркемдік ерекшеліктері бар мәдениеттегі құбылыс. Көркем мұралардағы «Қазақтардың қайталанбас этникалық, психологиялық әлемі әлі зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние» екендігі туралы ел басшысы Н.Ә.Назарбаев ерекше атап өткені белгілі.

Бұл мәселені дұрыс шешуде қазіргі ұлттық мәдениетіміз өзінің бастау көзі болып есептелетін ертедегі түркі халықтарының көркем мұраларын бүгінгі күн талаптарына сай пайдалана білу қажеттігін алға тартуда. Қазақ халқының өзіне тән қайталанбас сәндік қолөнерінің қалыптасып дамуына ертедегі түркі мәдениетінің қосқан үлесі зор. Ежелгі 6-8 ғасырлардағы қазіргі түркі тілдес халықтардың ата бабалары төрткіл дүниенің тең жарығысын билегені тарихтан белгілі. Түркі қағанаты деген ұлы мемлекет құрып (552-745 ж.ж.), екі жүз жыл бойы әлемді таң қалдырған қоғамды басқару тәжірибелерін, дамыған экономика мен төл мәдениетін қалыптастырған іргелі ел болған. Олар тудырған мәдениет адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде дүние жүзілік өркеннің дамуына үлес қосқан рухани мәдени мұра болып табылады.

Түркі мәдениетінің жалпы мазмұны туралы ғалымдар М.Н.Ядрицев, В.В.Радлов, С.Е.Малов А.Аманжолов айқын сипаттамалар беріп, бағалы пікірлер айтқан Оның түрлі салаларын зерттеуде орыс ғалымдары В.В.Бартольд, А.Н.Берштам, Л.Н.Гумилев, қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, С.Қасқабасов, М.Жолдасбеков, А.Қ.Жұмабеков Ө.Әлеуов т.б. ғалымдардың бірқатар үлес қосқан. Түркі қағанаты дәуіріндегі көркем мәдениетті зерттеу күрделі, қомақты мәселе. 6-8 ғасырларды өмір сүрген Түрік қағанатын құраған қазіргі түркі халықтарының ата бабалары бай мәдени, тарихи тұрмыс кешкен. Олар сақ дәуірлерінің өзінде алдыңғы өндіріс тәжірибелерін меңгерген.

Шет ел мен қазіргі түрі халықтарының ғалымдарының зерттеулері мен «Қазақ тарихы» 1-томының деректеріне сүйенсек, түркі мемлекеті сол кезеңдегі экономикасы дамыған елдердің бірі болған. Сол кездердің өзінде ақ мал мен ауыл шаруашылығының көзін тауып, мал етін азық етіп, терісінен неше түрлі өнім өндеп, түрлі бұйымдар жасап, киім кешек тіккендігі белгілі. Түркі қағанатының халқы темір балқытып, онан сан алуан үй бұйымдары мен қару жарақтар жасаған. Ағаштан түйін түйіп, тұрмысқа қажетті құралдар өндеген. Тастан қашап мүсіндер, құлыптастар, тас қақпалар, май шамдар жасап, балбал тастарды өндеген. Қыштан әр түрлі құмыралар, көзелер, табактар, сүт пен май, қымыз бен қымыран құйатын бұйымдар жасау түркі елінің ізденімпаздығы мен білімді болғандығын аңғартады.

«Күлттегін» жырына қарағанда түрік халықтары ұл баланы мал бағу мен қолөнер шеберлігіне, аң аулап, садақ тартуға әкесі баулыса, қыз балаларды үй жинап, ас пісіріп, кестемен өрнек тоқуға анасы тәрбиелеген. Түркі халықтарының киіз үйлерді, жазғы шатырларды безендіруі адамдар өмір сүрген орта үшін әсемдіктің болуы шарт ескергендігін қалағандығын көрсетеді.

Белгілі ғалым М.Адждидің «Полынь половецкого поля» деген еңбегінде түркі халықтары балаға жастайынан қоршаған орта құбылыстары арқылы білім

беруге ұмтылғандығын көрсетеді. Ежелгі түркі халықтарының өзіне тән халықты білімдендіру жүйесі болған. Бұл жүйе бойынша баланы бесіктен бастап, отбасында тәрбиелеуге көңіл бөлінген .

Олар балаларын Қытайға, Грецияға оқуға жіберген. Тастарға әдемі етіп өрнек салу үшін жазу, сызу өнерін меңгеру қажеттігі белгілі, сондықтан мектептерінде геометрия , математика, сурет сабақтары жүрген болуы мүмкін. Онымен қатар мемлекеттік деңгейдегі жеке қолөнершілікке үйрету мектептері болған. Бұларда балалар каллеграфиялық жазу жазуға, музыкаға, баулумен қатар темір мен ағаш ұсталығына, мүсін жасауға үйретілген. Темірден соғысқа қажетті қару жарақтарды, тастан, ағаштан, қыштан неше түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдарды жоғары сапамен жасай білген. Үлкен сарайлар мен үйлер тұрғызып, жүк тасуға арналған арба мен көшіп қонуға лайықты арба үстіндегі үйлер жасаған.

Түркі халықтарының көркем мәдениетінің бір бағыты бозбала мен бойжеткендерге арнап әшекейлеп жасалған жүзіктер мен белдіктер, бойтұмар мен шолпылар болған. Сонымен қатар әдемі қобдишалар мен сиясауыттар, алтыннан, күмістен, жезден, қыштан сәндендіре жасаған жүзік пен белдіктер, алқа мен сырға, бойтұмар мен шашбау, қолайна, ыдыстар мен қару жарақтар түрік әлемінің озық көркем өнер туындылары ретінде танылады. Зергерлер мен ұсталардың өнерінен туындаған әшекейлі бұйымдар бойжеткен арулар бойына көрік пен ажар, жігіттерге жігер мен сенімділік берген.

Түркі халықтарының көркем мәдениетінің ерекшеліктерінің бірі әшекей бұйымдарының бетіне жазылған өнегелік жазбалар мен өрнектер. Алтыннан күмістен әшекейленген бозбала белдігіне: «Бойыңа қуат берсін» деген сөздер жазылса, қыз балаға арналған жалпақ белдікте «Бойың тік, қадамың нық болсын» деген тілектер жазылатын болған. Ертедегі түркілердің ұстанымы бойынша жастарға үлгі өнеге болатын сөздер көзге көрінетін жерлерге жазылған, ондағы жазулар тәлім тәрбиелік роль атқарған. Ежелгі түрік халықтары ақыл мен өнер тәрбиесі бірін бірі толықтырушы қасиетке ие деп түсінген. Темір өңдеу өнерінде құлып, қыш өнерінде айналмалы құрал осы кезде ойлап табылған.

Түркі халықтарының көркем мәдениет мұраларын сараптау нәтижелері қазақ сәндік қолөнері өз бастауын түркі халықтарының мәдениетінен алғандығын көрсетті. Түркі халықтарының көркем мәдениетінің мұралары болып табылатын сәндік қолөнерін мынандай топтарға бөліп жіктеуге болатындығы көрінді: олар ағаш өңдеу өнері; метал өңдеу өнері; зергерлік өнер; мүсін өнері; тері өңдеу өнері; қыш өңдеу өнері.

Ағаш өңдеу өнерінің өнімдері ретінде киіз үй қаңқасы, ер, келі, келсап, түрлі ыдыс аяқтар т.б. бұйымдар мен заттар танылады; метал өңдеу өнерінің өнімдері ретінде қазан, ошақ, үзенгі, ауыздық, садақ, найза, қалқан т.б. бұйымдар мен заттар танылады; зергерлік өнерінің өнімдері ретінде шашбау, сақина, білезік, қапсырма, сырға, сәукеле мен ер тұрман ат әбзелдерінің әшекейлері т.б. бұйымдары танылады; мүсін өнерінің өнімдері ретінде құлыптастар, балбал тастар, диірмендер, қақпалар, және т.б. бұйымдары танылады; тері өңдеу өнерінің өнімдері ретінде белдік, кемер белдік, өмілдірік

құйысқан, торсықтар, тондар теріден жасалған киімдер, т.б. заттар жатады; қыш өңдеу өнерінің өнімдері қатарына құмыралар, көзелер, шырағдандар, табақтар кеселер, су, сүт, қымыз т.б. құятын ыдыстар кіреді.

Түркі халықтарының көркем мәдениетінің мұраларын сараптау нәтижелері бұл көркем мұралардың қазіргі қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері бұйымдарының формасымен, өлшемдерімен, технологиясымен, түр түсімен, жасау дәстүрімен, эргономикасымен ұқсастықтары көп. Бұл жағдай бізге қазіргі қазақ қолөнерінің бастауы түрік халықтарының көркем мәдениеті екендігін дәлелдей түседі.

Түркі халықтарының көркем мәдениетінің мұралары болып табылатын сәндік қолөнерін тану бағдарламасын мынандай бағыттарға бөлуге болатындығы айқындалды: бірінші, түркі халықтарының көркем мәдениеті мен қоғамдық даму барысы; екінші, түркі халықтарының көркем мәдениетіндегі қолөнер; үшінші, түркі халықтарының қолөнерінің түрлері мен оның дамуы; төртінші, ежелгі түркі халықтарының қолөнері мен қазіргі қазақ қолөнері; бесінші, түркі халықтарының көркем бұйымдары; алтыншы, түркі халықтарының қолөнер бұйымдарын жасау технологиясы; жетінші, түркі халықтарының қолөнерге жастарды тәрбиелеуі.

Қазақ бейнелеу және сәндік өнерін тану негіздері.

Өнер тарихы мен теориясы пәнінің негізгі міндеті бейнелеу өнерінің кеңістік пен уақыт аралығындағы көркемдік ырғағындағы форма мен образдың көріну сипатын ашу. Кеңістік – біз үшін геобиологиялық, әлеуметтік, рухани және мәдени орта. Уақыт – тарихи кезең. Өнер-рухани-мәдени сананың, эстетикалық көзқарастың, философиялық танымның шығу көзі және көрініс объектісі. Сондықтан оның құндылықтарының бағалануы, оған айтылатын сыни көзқарасқа, әлеуметтік сұраныс талап-тілектерге, қоғамдық не жеке даралық позицияға байланысты айқындалады. Онымен қоғамның рухани-мәдени жетістіктері де байланысты. Ол суретшінің көркемдік іс-әрекетіне де тікелей әсерін тигізеді. Сонда көркемөнер ізденіс тәжірибелері мен көркем образды түйсіну мүмкіндіктеріне рухани, мәдени, тарихи, табиғи, психологиялық және әлеуметтік алғышарттар рухани тұғыр қызметін атқарады. Сонымен бірге бейнелеу өнері-индивидуальді өнер. Образды сомдау және оны қабылдау барысында суреткердің немесе көрерменнің рухани-мәдени болмысы, көркем-эстетикалық, философиялық көзқарасы, мәдени деңгейі, табиғи дарыны жетекші орынға шығады.

Өнер тарихы дегеніміз адамзат тарихы. Адамзат ес жиғаннан бері өнермен бірге жасасып келеді. Өнер адамның дүниеге, болмысқа деген наным-сенімдерін дамытушы, саналылық пен білімділікке жетелеген қозғаушы күші және әсемдік пен сезімдердің қайнар көзі болды. Сондықтан да өнер адамның әлеуметтік дамуындағы бірден бір негізгі белгі болып табылады. Өнер адамды тұрпайы дәрежеліктен сезімталдыққа, сүйіспеншілікке баулып оны жоғары парасаттылық биігіне көтереді. Еңбектену мен іздену арқылы адам өнерді тудырса, өнер адамды жан-жақтылыққа, әсемдік әлемін танып білуге

тәрбиеледі. Өнер арқылы адам сұлулық пен дәрежеліктің ара жігін айыра білді, осыдан барып адамда эстетикалық талғам қалыптасты. Адам өнерді тудырса, өнер адамды әсемдікке, салиқалы ойлылыққа, мәдениетке жетеледі.

Өнер адам тұлғасына, оның дамуы мен қалыптасуына зор гуманитарлық қалыптасуына әсер ететін күшке ие. Өнер арқылы адамның адамға, табиғатқа, қоғамға деген эстетикалық қатынасын тәрбиеленеді, әсемдікке деген сезімі қоршаған ортамен бірлігін сезінуі туындайды. Өнердің адамға моральдық яғни адамгершілік құндылықтарды беруде де роль зор. Өнер шығармалары-бұл адам өмірі мен олардың сезімінің ең толық та нақты тарихы. Оны қайта жазуға, боямалауға, өзгертуге болмайды. Өнер түрлері өте көп, олардың арасындағы шекара да икемді және жылжымалы болып келеді. Әлем картинасы толық көлемде олардың қайсыбір жекелеген түрі арқылы берілмейді. Сондықтан да суретші оларды механикалық түрде біріктіре отырып емес, тұлғаға көпжақты эмоционалды әсер етуге қабілетті өнерді синтездеп, ерекше қосынды жасай отырып, әр түрлі өнер түрлерінің мәнерлеу құралдарын пайдаланады.

Қазақ халқының бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктері туралы бейнелеу өнерін зерттеушілер Г.Сарықұлова, М.Ғабитова, Н.Нұрмұханбетов, Ө.Көпбасынова, И.Рыбакова, А.Вандаровская, К.Ли сынды ғалымдар бағалы пікірлер айтқан. Өнер зерттеуші Г.Сарықұлованың «Қазақстан бейнелеу өнері шеберлері» атты монографиялық еңбегінде қазақ бейнелеу өнерінің даңқты шеберлері Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева, Қ. Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Х. Наурызбаев, Г.Исмайлова, Е.Сидоркин, Н.Нұрмұханбетов, С.Романов шығармаларына көркемдік тұрғыда талдау жасаған. Қазақ халқының бейнелеу өнерін зерттеушілер Г.Сарықұлова, Ш.Тұяқбаева, К.Ли еңбектерінде ұлттық бейнелеу өнері графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер түрлеріне бөліп жіктелеген. Сонымен қатар олар осы аталған бейнелеу өнері түрлерін тарихи, тұрмыстық, портрет, пейзаж, анималистік жанрларға бөліп қарастырған. Қазақ бейнелеу өнерін бұлай етіп түрлерге жанрларға бөліп жіктеу, бұл аталған өнер шығармаларын тануға ерекше мүмкіндік туғызады.

Өнері зерттеуші Г.Сарықұлованың жасаған өнертанымдық талдаулары өнерді тануға қажетті білімдер болып табылады. Ол талдауларда кескіндеме шығармаларын талдаудағы ең басты көрсеткіш ретінде шығарманың идеялық мазмұны алынады. Өнері зерттеуші А.Болымбековтың өнертанымдық еңбектерінде ұлттық киім шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерін тану барысында шығармалардың композициясына, ерекше мән беріп қарайтыны аңғарылады. Өнер зерттеуші К.Лидің бейнелеу өнері шығармаларын талдау барысында шығармалардың колориті мен түстер қатынастарына талдау жасаудың әдістерін қолдануға ерекше назар аударылған. Өнер зерттеушілер М.Мұхажанова, Қ.Ыбраевалардың еңбектерінде өнер шығармаларын талдау барысында оларды орындау техникасы мен технологиясына баса назар аударылады. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: қазақ бейнелеу өнерін зерттеушілер графика, кескіндеме, мүсін шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында негізінен төрт бағытты ұстағандығы

анықталды. Олар, біріншіден, бейнелеу өнері шығармаларының идеялық мазмұнын талдау; екіншіден, бейнелеу өнері шығармаларының композициясын талдау; үшінші, бейнелеу өнері шығармаларының бояу түстерінің бірлігі мен оның шығарма мазмұнын ашудағы орны; төртіншіден, бейнелеу өнері шығармасының орындалу техникасы мен технологиясына талдау жасау болып табылады.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнеріне кіретін бұйымдардың көркемдік ерекшеліктері туралы Ә.Марғұланның, Ә.Тәжімұратовтың, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың, Ш.Тоқтабаеваның, М.Мұхановтың, С.Төленбаевтың, Ө.Жәнібековтың, Т.Бәсеновтың, А.Ералинаның, Қ.Әмірғазиннің еңбектерінде сипаттамалар берілген, бірақ қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктеріне көркемдік өнертанымдық тұрғыдан талдау жасаудың бағыт бағдары айқын аңғарыла бермейді. Олардағы көркем бұйымдарды талдау көбінесе этнографиялық сипатта беріліп, жеке көркем бұйымдардың формалары мен тұрмыстағы қолданылуына баса назар аударылады. Сонымен қатар қолөнерді тану барысында көркем өнер бұйымдары, сәндік, безендіру, интерьерге көрік беру, сыйлық ретінде ұсыну үшін жасалатындығы көрсетіледі.

Этнограф ғалым Ә.Марғұлан қазақ қолөнері бұйымдарын дайындаған материалдарына қарай жіктеу қажеттігін көрсеткен. Ол қолөнер бұйымдарын, ағаш, металл, жүн, тері, қыш өңдеу негізінде жасалған бұйымдар, ою-өрнектер, киіз үй және оның жабдықтары, киім, құрал саймандар, ыдыс аяқтар, киіз үй мебельдері деп бөліп қарастырады. Ә.Тәжімұратов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, М.Мұхановтар қолөнер бұйымдарының дамуы мен қалыптасуына ерекше мән беріп, олардың әлемдік көркем мәдениеттен алатын орнына тоқталады. Қолөнер түрлері, материалдары мен жасау технологиясына анықтамалар беріп, атаулары мен ұғымдарын түсіндіреді. Қолөнерді халықтың көркем мұрасы ретінде бағалап, оның даму кезеңдеріне сипаттама береді. Оның дамуына әсер еткен факторлар ашып көрсетіледі. Олар көркем бұйымдардың көркемдік ерекшеліктерінің мәні заттың көркемдік сипатының тұтыну қажеттілігімен сәйкестенуін атап көрсетеді. Заттардың формалары мен түр түстері халықтың шаруашылығымен тұрмыс салтымен, салт дәстүрімен байланысты қалыптасатындығын айқындайды. Сондықтанда болашақ мұғалімдерді көркемдік білім беруге дайындау барысында дайындық мазмұнының бір бағыты заттардың формалары мен түр түстері халықтың шаруашылығымен тұрмыс салтымен, салт дәстүрімен байланысты қалыптасатындығы туралы түсініктер беру болып анықтауға болады.

Ә.Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ» атты кітабында қолөнердің ағаштан, жүннен, металдан, қыштан және әр түрлі табиғи материалдардан жасалған, тоқу, шөку, балқыту арқылы дайындалған бұйымдардың жасалуындағы орындау технологиясына ерекше мән береді. Шебердің көркем бұйымды жасаудағы шеберлік деңгейін көркем бұйымның басты көркемдік ерекшелігі ретінде таниды. С.Қасимановтың «Қолөнер» деп аталатын еңбегінде қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшелігін айқындауда көркемдік дәстүрге қолөнер шеберлерінің көркем бұйымдар жасаудағы белгілі бір көркемдік

дәстүрі болатындығына мән береді. Көркем бұйымның орындалу жасалу манеріне қарап, қандай шебер, қандай дәстүрлі мектептің туындысы екенін айқындауға болатындығын көрсетеді. Мұндай таным үлгісін бізге сәндік қолданбалы өнер бұйымдарының көркемдік ерекшелігін айқындаудың салмақты бір көрсеткіші ретінде тануымызға мүмкүндік береді.

М.Мұхановтың «Қазақстанның көркем кәсіпорындары» еңбегінде көркем бұйымдардың қанша данамен жасалғандығына мән беру қажеттігін көрсетеді. Сыйлық бұйымдардың, кілемдердің шығарылуы мен олардың сапасы арасындағы байланыс көрсеткіштеріне мән беріледі. Көркем бұйымдардың сапасы олардың қанша данамен жасалғандығына тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Мұнан шығатын қорытынды, қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында сол бұйымды кім жасағандығы және оны қанша данамен жасағандығы болып табылады. Қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктері оны қандай шебер жасағандығына байланысты. Қолөнерді зерттеуші А.Ералина қолөнер шеберлерін үш типке бөледі. Оларды: халыққа белгілі «халық шебері», кәсіби білімі бар «кәсіби қолданбалы өнер шебері» және қолөнермен айналысып жүрген «қолөнер шебері» деп атаған. Әрине бұлардың шеберлік дәрежелері, жасаған бұйымдарының көркемдік сапалары бірдей бола бермейтіні белгілі, сондықтан да бұлар жасаған бұйымдардың көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында бұйымды қандай дәрежедегі шебер жасағандығына көңіл аударылуы тиіс. Қолөнер шебері және ою-өрнек жасаушы шебер С.Төленбаев қазақ ою-өрнектерін үлкен төрт топқа бөледі. Олар: өсімдік тектес, аспан әлемі тектес, геометриялық формалар тектес және жануарлар әлеміне ұқсас ою өрнектерге жіктейді. Қандайда бір көркем бұйым болмасын оның беті ою өрнектермен безендіріледі. Сондықтан да қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерінің бір бағыты оның ою өрнектермен безендірілуі болып табылады.

Қолөнер зерттеушісі Ә.Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ» атты еңбегінде қолөнер шеберлерінің іс әрекетіне талдау жасай отырып, олардың кейбіреуі ағаш өңдеу, кейбіреуі металл өңдеу, кейбіреуі қыш өңдеу болып қолөнердің белгілі бір саласын жетік меңгерсе, кейбіреуі осы салалардың бірқатарымен жұмыс істеуге бейімделетіндігі туралы ой айтқан. Осыған сәйкес қолөнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында қолөнер саласына шебердің бейімделуі болып табылады. Сондықтан, қолөнер бұйымын талдау барысындағы маңызды бір көрсеткіш ретінде оны жасаған шебердің сол бұйым кіретін салаға бейімделуі мен сол саладағы еңбек өтілі танылады.

Қазақ қолөнерін зерттеуші көрнекті ғалымдарымыздың бірі Ө.Жәнібеков қазақ қолөнері өзіндік ерекшелігі бар дәстүрлі өнер екендігін атап көрсетеді. Сан ғасырлар бойы ұрақтан ұрпаққа жалғасып, бұйымдардың жасалуы, формасы, ою өрнектері, түр-түстерінің белгілі бір дәуірден, келесі бір дәуірге сабақтастығы жалғасып отырғандығын дәлелдеген. Сондықтан қолөнердегі көркемдік дәстүр сабақтастығы, қолөнердің жеке бұйымдарынан да көрініс тауып отырады. Осыған сәйкес, көркем бұйымдардағы дәстүр сабақтастығын қолөнер бұйымдарындағы көрсеткіштердің бірі ретінде тануға болады.

Бұл талдаулардан шығатын қорытынды: қазақ сәндік қолданбалы өнерін зерттеушілер сәндік қолданбалы өнер бұйымдары мен шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында негізінен төрт бағытты ұстағандығы анықталды. Олар, біріншіден, сәндік қолданбалы өнер бұйымдары мен шығармаларының формасын талдау; екіншіден, сәндік қолданбалы өнер бұйымдары мен шығармаларының композициясын талдау; үшінші, сәндік қолданбалы өнер бұйымдары мен шығармаларының бояу түстерінің бірлігі мен оның шығарма мазмұнын ашудағы орны; төртіншіден, сәндік қолданбалы өнер бұйымдары мен шығармаларының орындалу техникасы мен технологиясына талдау жасау болып табылады.

Қазақ бейнелеу өнері өзіндік тарихы бар қазақ халқының өнері. Қазақ бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп, түсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Қазақ бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме, мүсін және графика жатады. Қазақ бейнелеу өнерінің кейбір белгілері архитектуралық, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнерінің қатарына жатқызады. Бұл өнердің де негізі адам, табиғат және заттық әлемді тұтастыққа, бірлікке қарастыруда жатыр.

Бейнелеу өнері дүниені бақылау, байқау көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Белгілі бір ғасыр немесе дәуір кезеңдерінде пайда болған бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесімен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Уақыттың дамудың барысында басқа өнер түрлеріне қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп түйсінген шындығын сол қалпында көрсетуге ұмтылады. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция мен ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдардан дайындалғандықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалар мазмұнына қарай монументалды-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Бейнелеу өнерінің тарихы адамзат тарихымен қатар басталған.

Бейнелеу өнерінің дамуы шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлінеді: олар алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешендік түрлері Тамғалыда, Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған. Қазақ халқының бейнелеу өнері ертеден белгілі. Қарағанды облысындағы Беғазы бейітінен табылған қыш сауыттар (б.з.б. 10-8 ғ.), атақты Қарғалы алтын диадемасымен сырғалар (б.з.б. 2ғ. мен б.з. 2ғ.), т.б. көне дүниелер - шебер мүсінделген көне өнер туындылары.

Бұл күнде кәсіби дәрежеге жеткен қазақ бейнелеу өнерінің түрлері - кескіндеме, мүсін мен графика, халықтық қолданбалы өнер дамудың сара жолына түскен. Оның барлық түрлері мен жанрлары өркен жайған. Қазақ шеберлері М.Кенбаев, С.Мәмбаев, Қ.Телжанов, шығармалары шетел көрмелерінен орын алған. Халықаралық және КСРО Суретшілер академиясының медалдарымен дипломдарына, Республикалық сыйлықтарға ие болған суретшілерден Х.Наурызбаев, Е.Сидоркин т.б. есімдерін атауға болады.

Қазақ бейнелеу өнерінің теориясы –көркем шығармаларды (графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, дизайн) жан-жақты зерттейтін, теориялық түсінікпен практикалық талдау әдісін анықтайтын өнертану ғылымының негізгі саласы. Бұл негізінен екіге бөлінеді. Біріншісі-ұлттық және шетел суретшілерінің үздік шығармаларының қорытындылары, Екіншісі-ұлттық және шетелдік сыншы, өнертанушы ғылымдар еңбектерінің нәтижелері мен қағидалары.

Өнертану тарихы – көркем сурет , шығармаларының өткені мен бүгінгі жайлы материалдарды жинақтап, зерттейтін өнертану ғылымының негізгі бір саласы.Өнертану сыны –көркем сурет шығармаларын жан-жақты талдап, баға беретін және оның бейнелеу өнерінде алатын орнын анықтайтын өнертану ғылымының ерекше бір саласы.

Бейнелеу өнерінің негізін оның заңдылықтары құрайды. Олар перспектива , композиция, жарық пен көлеңке, тұстану, заңдылықтары болып табылады. Перспектива заңдылықтары қоршаған ортадағы өлшемдердің бізден алыстаған сайын, бұлыңғыр болып өзгеру құбылысы мен сипатталады. Композиция заңдылықтары, белгілі шығарманың бейнеленген көріністерінің бір-бірімен үйлесімді орналасуымен ерекшеленеді. Жарық пен көлеңке заңдылықтары –белгілі форма бетіндегі және олардың жанындағы жарық, көлеңке, жартылай жарық, жартылай көлеңке, түсіп тұрған көлеңке , рефлекс, блик сияқты жарық деңгейлерінің өлшемдерімен танылады. Тұстану заңдылықтары , жылы және суық түстердің айырмашылығымен, түсті және түссіз түстер ерекшеліктерімен , түстердің қосылуынан айырмасымен тасылады.

Бейнелеу өнерін зерттеу үшін бағыт-бағдар және көркем сурет жайында түсінік алдық. Көркем шығарманы тудырушы талант, дарын туралы да ұғым болады. Бірақ осы таланттардың көркем суретті салу үстіндегі жан дүние толғаныстары бізге беймәлім. Әңгіменің екінші бағыты осы болмақ.

Көркем сурет салу өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Көркем сурет салу суретшіден композиция заңдылықтары мен көркемдік идея туралы терең білімі болуды қажет етеді. Көркем суретте көркемдік идея композиция мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады. Көркемдік идея суретшінің көрерменге нені жеткізуді мақсат етумен, рухани көрерменді үлкен мұраттарға ұмтылдыру ауқымымен сипатталады. Көркемдік идея суретшінің үлкен ой толғанымен туады. Көркемдік мұрат (идеал) мен көркемдік композиция бірлікте танылады.

Белгілі қыл қалам шебері Т.Тоғысбаев өзінің «Дала балладасы» атты кескіндеме шығармасында, Қазақ даласында өткен үлкен тарихи кезеңдерді көркем образдар арқылы бір ғана шығарма мазмұнына біріктіріп, көрерменге қазақ елінің басынан өткен неше қилы кезеңдерді көрсетуді мұрат тұтқандығы байқалады. Картинкадан кеңес дәуірінің алғашқы кезеңі , Ұлы өткен соғысы, тың жерді игеру кезеңдерін айқын бейнелеген көріністері бір-бірімен ұтымды табысқан. Суретшінің көркемдік мұраты қазақ елінің жеке туындыға тұрарлық тарихи кезеңдерді бір арнаға біріктіру арқылы тұтас бір елдің тарихи дәуірін көз алдына елестету . «Дала балладасы» атты картинасы суретшінің ұлы даланы қастерлеуге шақыры, жаңашыл ойшылдығы, өшпейтін , ұлттық бейнелеу

өнерінде ескірмейтін өзіндік ерекше бағыт салған суреткер екендігін көрсетеді. Суретші картинасы көркем образдарды белгілі қоғамдық дәуірді білдіретін жиынтық түрінде беруі мен де, шығарма мұраты композициялық ерекше құрылыммен беру тәсілі- қазақ бейнелеу өнерінде бұрын сонды болмаған жаңа сипатымен өнердегі жаңашылдықты танытады.

Қазақ әдебиеті сияқты, қазақ бейнелеу өнерінде де қоғамдық даму кезеңдерін бейнелеген шығармалар бар. Суретші Таңболат Тоғысбаевтың «Дала балладасы» деп аталатын кескіндеме шығармасында, колхоздастыру кезеңі, Ұлы Отан соғысы, тың жерді игеру, космосты игеру, ірі өндірістің қалыптасуы сияқты еліміздің көрнекті кезеңдерін бейнеленген. Картинада осы аталған әрбір кезеңді көрсететін көріністер берілген. Бұл жас ұрпакты тәрбиелеудің ерекше мүмкіндіктерінің бірі ретінде тануға болады. Әдебиет шығармалары халықты, жастарды тәрбиелейтін сияқты, бейнелеу өнері шығармалары да жастарға тәрбие береді.

Түстану- түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады. Ахроматикалық түстер бір-бірінен тек бір белгісі бойынша – ашық (ашық сұрғылт немесе қара сұрғылт) бойынша ерекшеленеді. Түстік өң бұл «қызыл», «сары» және т.б. сөздермен анықталады. Мысалы қызыл, таза қызыл немесе сұрғылт қызыл. Бұл қызылға қосылған сұрғылт қоспа түстің өңін өзгертпейді қызыл түс қызыл болып қалады. Ахроматикалық қоспадан, хроматикалық түстің қанықтығы азаяды. Мұндай қоспада ахроматикалық түс неғұрлым аз болған сайын, оның қанықтығы арта түседі.

Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сипаттауға болады. Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайда пайда болады. Бұларды басқа түстермен қатынасына байланысты бірде жылы, бірде суық түске жатқызуға болады. Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайда пайда болады. Бұларды басқа түстермен қатынасына байланысты бірде жылы, бірде суық түске жатқызуға болады. Түстік шеңбер бірге қатар қойылған түстерден құралған шеңбер. Бұл шеңбер, сары, сарғыш қызыл, қызыл, қызғыш қоңыр, жасыл көк, көк, күлгін көк, болып жалғасып отырады. Негізгі түстер сары, қызыл және көк түстер олып табылады. Контраст түстер – бір біріне қарама қарсы түстер. Ақ түске, қара түстер қарсы ақ пен қызыл т.б. түстер контраст сипатын береді.

Түстердің қасиеттерін зерттеу бізге түстердің психологиялық физикалық қасиетін, этнокөркемдік атауларын анықтауға мүмкіндік береді. Психолог ғалымдар түстің адамға әр түрлі әсер туралы бірқатар зерттеулер жүргізгендігі белгілі. Мысалы қызыл түске көп қарау, немесе қызыл түске боялған бөлме ішінде ұзақ отыру адамның жүйкесіне тиіп, оны әлсірететіндігі анықталған. Сонымен қатар бөлменің қабырғасын түрлі түстермен рендеудің өзіндік ерекшелігі болады. Мысалы, зерттеу нәтижелері үйдің көлеңке немесе

солтүстік жақтағы бөлмелерін жылы түстермен, күн жарығы тікелей түскен бөлмелерді суық түстермен (ашық көк, немесе салат түсті ақшылды жасыл көк түске) безендіру қажеттігін көрсеткен. Сонда жылы түстер адамға жылылық әсерін беріп, бөлменің іші жылына түскендей сезіледі, ал суық түсті бөлме жаздың күні адамға салқындағандай әсер беретіндігі анықталған. Сол сияқты заттардың салмағына байланысты болатын түстердің қасиетін мынадан білуге болады. Мысалы қара жасыл көк түске боялған жүк машинасы өте ауыр сияқты болып қабылданса, нақ сондай формадағы машинаның түсі ақшыл көкке боялса оның салмағы жеңіл сияқты болып көрінетіндігі белгілі болған.

Түстер құбылысын тану барысында олардың символдық түрде берілуі ерекше назар аударатын құбылыс. Жасыл көк түс жастық шақты білдірсе, аспан көк түс бостандықты, еркіндікті, білдіреді, ақ түс тазалықты, қара түс жамандықты, қызыл түс белгілі бір өзгерісті білдіреді. Қазақ халқында түстердің белгілі бір атаулары болған. Жылқының түсіне байланысты ақ боз, күрең, қара торы, шабдар, буырыл, құла, ала, т.б. атаулармен атаған.

Картиналардағы түстердің берілуінің өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, таңертеңгі мезгілді бейнелейтін картиналарды көкшіл түстер басым болса, кешкі мезгілі бейнелейтін картиналарды қызғылт түстер басым болып беріледі. Күндізгі мерзімді бейнелейтін картинадағы заттардың түстері өзінің табиғаттағы қалпында бейнеленеді. Ал егер, заттық бетінің фактурасы жылтыр болып келсе, оған сол заттың жан-жағындағы заттардың түстері әсер етіп, өзінің табиғи түстері азғана өзгеріп көрінуі бейнеленеді.

Картиналардағы түстердің өзгеруі мен бейнелеуінің бір ерекшелігі шығарманың идеясына байланысты болып келеді. Суретші Салихаддин Айтбаевтың «Бақыт» атты картинасында көктемгі далада отырған қыз бен жігіт көрінісі бейнеленген. Жастардың үстіндегі киімдері көк түсті бояулар мен берілген, ал дала, алыстағы тау, жасыл көк түстермен жазылған. Картина композициясында аспанға қарағанда жердің көрінісі толық картина жазықтығын жауып жатыр. Шығармадағы түрлі түстердің арасында жасыл көк түстердің басым берілуі арқылы суретші адам өмірінің жастық кезеңін жасыл реңдермен беру арқылы жастықтың өзіндік ерекшелігіне көңіл аударады. Яғни жасыл түсті жастықтың түсі ретінде символдық түрде береді.

Қазақ бейнелеу өнерінде белгілі суретші Нағымбек Нұрмұханбетовтың салған «Тоқаш Бокин отряды» атты картинасы бар. Картинада қазақтың сары даласында атқа мініп келе жатқан Тоқаш Бокиннің отрядының көркем көріністері бейнеленген. Картинаның түстерінің бір ерекшелігі мұндағы көк болуы, аттардың түсі күрең, ақ боз тағы басқа болуы, адамдардың жылы реңдері басым жасыл көк болуы мүмкін. Бірақ картинада қызыл түстер басым берілген. Бұл шығарманың айтылатын көркемдік ойына байланысты. Картинада қоғамдық өзгеріс, қоғамдық құрылымның өзгеруін көрсетуді мақсат тұтқан. Картинада қызыл армия командирі Т.Бокиннің образы берілген. Тұстану ілімінде колорит деген ұғым кездеседі. Колоритті біз кескіндеме шығармаларындағы түстердің үндестігі мен бірлігі деп танымыз. Картинадағы түстер кейде жылы түстердің құрылымына кейде суық түстердің құрылымына

бірігеді. Ал кейбір жағдайда картинада жылы түстер мен қатар суық түстер үйлесімді түрде қолданылады.

Заттың бетіндегі түстер кейбір жағдайда өз түсінен өзгеріп, басқаша түспен көрінуі ықтимал. Мысалы, бір түйір қара көмірдің бір жақ бетіне күннің көзі немесе жасанды жарық тікелей түскенде, ол жері әппақ дақ түрінде қабылдануы мүмкін. Мұны көру кезінде болатын жаңырысу деп танымыз.

Ғылыми-педагогикалық, өнертанымдық әдебиеттерді сараптау негізінде түстәнау ілімінің негізін құрайтын ұғымдарды мынандай бағыттарға жіктеуге және оны түстанудан білім беру мазмұны ретінде алуға болатындығы анықталады: хроматикалық түстер; ахроматикалық түстер; түстердің қанықтығы; түстердің ашықтығы; жылы түстер; суық түстер; түстік шеңбер; негізгі түстер; контраст түстердің бірлігі; түстердің қасиеті; символдық түстер; түстердің қазақша атаулары; колорит; картинадағы түстер; түстердің композициясы; жылы түсті колорит; суық түсті колорит; аралас түсті колорит; түстерді қабылдау ерекшелігі; түстердің бейнелеуінің ерекшелігі т.б.

Суретші өз шығармасында айтпақ ойының, анық әсерлі болуы үшін онда бейнеленетін нәрсе мен оның айналасындағы ортаны өзара сәйкес орналастыруға ерекше көңіл аударады. Композиция өнері дегеніміз ол латынның «сомпозитио», - «ойлап табу», «құрастыру» деген сөзінен шыққан ұғым. Табиғат әлеміне тән композициялық бастама (бүтіндік, симметрия, ырғақ) өнерде өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Композиция – барлық өнер түріне тән. Композицияның бастауы архитектуралық құрылыс негізінде, мұзыкалық және әдеби шығармалар, мүсіндеу (скульптура), кескіндеме (картина), театр құрылымдары мен кинофильмдер негізінде жатыр.

Танымал суретшілердің өнерпаздық өрлеуін талдап айғақтайтындай, олардың теориялық еңбегі – композиция заңдылықтарының негіздері деп мыналарды айтуға болады: 1. Бүтіндік заңы; 2. Үлгі (типизация) заңдылығы; 3. Қарама қарсылық (контраст) заңдылығы; 4. Композицияның барлық заңдылықтары мен амалдарының негізгі идеялық, түпкі ойға бағынуы.

Бүтіндік заңының сақталуының нәтижесінде өнер шығармалары біртұтас қалпында қабылданады. Бүтіндік заңының мәні композицияның тұтастығын көрсетеді. Бұдан біз композицияны жеке дербес бөліктер жиынтығы ретінде қабылдау мүмкін еместігін байқаймыз. Үлгі заңдылығы бейнелеу өнері шығармаларындағы жағдай мен мінез үлгісінің нақтылы берілуін, композициядағы іс-әрекеттің өрістеуін көрсетеді. Қарама – қарсылық заңдылығы түс қарама-қайшылығын, объект пішінінің айырмашылығын, көңіл қарама-қайшылығын, бейнеленетін адамдардың психологиялық жағдайының бейнеленуін қарастырады.

Композицияның барлық заңдылықтары мен амалдарының негізгі идеялық түпкі ойға бағынуы-суретші туындысындағы ұғымның бүтіндігін, шығарманың айқындығын, идеялық мазмұндығын, ондағы жоғары көркем шеберлікті байланыстырады.

Композицияның маңызын ашатын амалдар: 1. Ырғақ; 2. Композицияның сюжетті ортасы; 3. Симметрия және ассиметрия; 4. Басты тұлғаның екінші орынға орналасуы. Ырғақ – композициядағы бейнелеу объектісінің кезектесіп

орналасуының , олардың нақтылы реттілігінің көрсетілуіне мүмкіндік береді, сонымен қатар ондағы бейнеленетін адамдар мен жануарлар тұлғаларының қимыл үстінде берілуіне жағдай жасайды.Өзіне ерекше назар аударатын, композицияның идеялық мазмұнын ашатын басты бөлігі-композицияның сюжеттік ортасына жатады.

Симметрия атауы композицияның оң және сол жақ бөлігінің салмағының, пішінінің, түсі мен реңінің тепе теңдігіне, ондағы бар элементтердің өзара үйлесімділігіне, сұңғақтығына тұжырым жасайды. Композициядағы бейнелердің ассиметриялары орналасуы-кескіндемені салмағы, пішіні, өңі жағынан тең екі бөлікке бөліп қойғандай әсер қалдырмайды, ондағы бейнелер тынымсыз, бір – бірімен араласып, тепе-теңдік композициялық ырғақтылықтың айқын көрсетілуі нәтижесінде сақталады.

Композицияны түсінудегі психологиялық көңіл күйдің туындауына себеп болатын айқын орталық бола алғанда ғана ондағы басты тұлғаны екінші орынға орналастыруға болады. Композиция құрастырудың бірізділігі мынадай сипатта болады: суретті қағаз бетіне үйлестіру (компоновка)-кескіндеме (картина) элементтерінің қағаздың пішігіне сәйкес орналасуы. Суретті құру – жалпылама (немесе геометриялық) пішіннен нақты суретке көшу. Тон (өң)-жалпылама және жергілікті болып екі топқа бөлінеді. Жалпылама өң жеке бірнеше нәрсенің (заттың) жалпы салыстырғанда басқаларынан күңгірттеу немесе ашықтау болуы. Жергілікті тон –нәрсе (зат) бөліктерінің жарықтың түсінуіне байланысты айырмашылығы. Түс (цвет) бір өнді нәрседегі түс дақтарының көп түрлі болуы. Жағыс (мазок) пішінді айғақтайды , зат өңінің сипатын беруге мүмкіндік жасайды. Бояудың гармониялық үйлесуі. Бояулардың өзара үйлесімді болғаны және әр композицияда қайталанбағаны жөн.

Жарық пен көлеңке – бұл заттың пішініне, бет өзгешелігіне қарай белгілі бір заңдылықтармен жарықтың, зат бетіне таралып орналасуы .Жазықтық бетіндегі көлемді нәрсені көрсетудің маңызды әдісі жарық пен көлеңке градациясы (құбылуы): жылт, шала көлеңке, рефлекс, меншікті және түспе көлеңкені бейнелей білуде. Сонымен қатар көлемді пішінді бейнелеу жұмыс техникасына да байланысты: ол қарындашпен штрихтау мәнері, оның пішінін бағытына қарай түсуі. Штрихтар тегіс беттерге түзу және параллель бағытта түседі де, цилиндр тәріздес, дөңес, ойыс беттерге доғалдана, дөңгелене түседі.

Сурет салу жұмыстары сызық жүргізуден басталады.Жіңішке сызықтармен болашақ кескіннің нобайы жасалады. Нұсқа пішіні оған түсетін жарық деңгейіне сәйкес өзгертіндіктен , оны белгілейтін сызықтарда өзгере бастайды. Міне осы сызықтар штрих сызықтар деп аталады. Сонымен штрих сызықтар дегеніміз суреті салынатын нұсқаның пішінін , қандай материалдан жасалатынын , оған түсетін жарық-көлеңкені белгілейтін сызықтар жиынтығы. Өң беретін штрих сызықтар өзара параллель , аздап айқасқан дөңгелек- сынық, тұтас-үзік, жуан-жіңішке болып түрленіп кете береді. Кез келген сурет сызық пен рең (тон) арқылы орындалады. Нәрсенің дұрыс бейнеленуі –перспектива мен жарық немесе көлеңке заңдылықтарын жетік білудің нәтижесінде болады.

Перспектива заңдылықтарын білу және қолдану, шынайы бейнелеудің маңызды шарты. Сонымен перспектива дегеніміз, нәрсе әлемін көріп қабылдаумен сәйкес бейнелеу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Ол латынның «регзрісеге» «тасадағыны көре білу» деген сөзінен шыққан. Перспективаның кейбір ережелері бұдан 2000 жыл бұрын болған екен: оған Везувий жанартауының атқылауынан қираған ежелгі Помпей қаласындағы тұрғын үйлердің қабырғаларындағы салынған суреттер куә. Тәжірибемен анықталған ережелер жиынтығын бақылау перспективасы деп атайды. Ал, геометрияға негізделген перспективаның ғылыми даму жолы қайта өрлеу дәуірінен басталады. Ол сызықтық перспектива деген атау алды.

Перспектива заңдылығын алғаш ашқандардың бірі қайта өрлеу дәуірінің атақты итальян суретшісі Пьеро Делла Франческа екені бізге мәлім. Оны зерттеумен Паоло Учелло, Леон –Баттиста Альбертилер және осы дәуірдегі өмір сүрген басқа да итальян суретшілері шұғылданған. Аты әйгілі Леонардо да Винчи да өз еңбектерінде перспектива заңдылықтарын ашуға маңызды орын берген.

Перспективаның негізгі заңдылықтарына жататындар: сызықтық перспективаның заңдылықтары. ауа перспективаның заңдылықтары. жарық пен көлеңке перспективасының заңдылықтары. Сызықтық перспективасының заңдылықтары: белгілі бір бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель емес сызықтар бір нүктеде түйіседі, бұл нүктелер әр уақытта көкжиек сызығында жатады; бақылаушы адамның көз деңгейінде жатқан көлбеу сызық әрдайым көкжиек сызығы болып есептеледі; көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтар төменнен жоғары қарай бір нүктеге бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар –жоғарыдан төмен қарай бір нүктеге бағытталады. Ауа перспективасының заңдылықтары. Бақылаушыға жақын орналасқан нәрсенің түстері ашық, айқын, ал алыстағы нәрсенің түстері солғын және жиынтық түс түрінде қабылданады: жақындағы барлық заттың түстері қаз-қалпында қабылданса, алыстағы түстердің ішіндегі біреуі басым түрде, қалғандары соған жақындау болып көрінеді; алыста тұрған өңі ашық заттардың түстері өз түсінен қараңғылау, ал алыстағы өңі қараңғы заттардың түстері жақындағыға қарағанда ашықтау болып көрінеді; жалпы алыстағы дүние ортадағы тығыз ауа қабатының әсерінен көгілдір тартып мұнартады. Жарық пен көлеңке перспективасының заңдылықтары. Жарық көзімен бақылаушының арасында тұрған нәрсе өз түсінен қараңғы болып көрінеді; егер бақылаушы бақыланатын зат пен жарық көзінің ортасында болса, онда заттың түсі өз түсінен жарығырақ болып көрінеді.

Тұстану – түс құбылыстарынан түсінік беретін және оның шығу тегін, сырлы дүние әлемін бақылау құбылыстарынан байқалуын оқытып үйрететін ілім. Сонымен қатар ол көз жанары физиологиясын көз мүшелерінің жұмысын оқытып білдіреді, әрі көркемсуреттен әр алуан сарамандық іс-әрекеті теориялық тұрғыдан тұжырымдайды. Түс туралы ғылым бейнелеу өнерінің болашақ ұстаздарына жәрдем береді, оларды ақиқатты біліммен қаруландырады. Тұстану біршама жас ғылым. Ол әлі де соңына дейін шешімін

таппаған мәселе, ал белгілі болғандарының өзі білім жүйесінің тұтастығын ғана құрайды.

Түс туралы ілімнің негізі И. Ньютон, М.В.Ломоносов, Я.Т.Юнг, тағы басқалардан бұрын қаланған болатын, ал тұстану ғылым ретінде тек қазіргі заманда ғана өндіргістің әр саласына (тоқыма, лак және бояу жасау, полиграфия) енді. Орыстың ұлы ғалымы М.В.Ломоносов қазіргі таңда физикалық оптикада аса маңызды қызмет атқаратын үш түсті колориметрияның, сонымен қатар үш сыңар түсті көрудің теориялық негізін салды. Басты түс спектрлері: қызыл,көк, сарыны бөле отыра, М.В.Ломоносов бұл түстерді суретші ретінде кескіндеме, мозайка жұмыстарында қолданған болатын. Осы аталған басты үш түрлі бояу түсін кескіндеме салғанда әрдайым басшылыққа алған жөн. Ұлы қылқалам шебері Репин бір сөзінде «Мен ешбір құралсыз, жәй көзбен-ақ, жүз елу түрлі түс пен бояу түрін ажырата алмын»-деген екен. Ал бүкіл түс атаулы алты-ақ түрден тарайтынын еске алсақ, мұның өзі аса күрделі құбылыс екенін еріксіз мойындаймыз. Сондықтан түстердің жалпы сипаты жас талапкерлерден білімділік пен сезімталдықты, ішкі жан дүние байлығын, түсінік –түйсік молдығын талап етеді. Түсті игерудегі алғашқы қадам қылқаламды дұрыс ұстап, оған бояуды жұқтыра білуден басталады. Екіншісі-түрлі түс қоспасын жасайтын тұртапқышты (палитра) қолдана білуді меңгеру.

Акварель кескіндемесіндегі түстер көбінесе қылқаламға жұқтырылған бояу қоспасына да байланысты болады. Бояу құрамында су неғұрлым көп болса, жағылған бояу соғырлым мөлдіреп түседі. Бұл тек бір қабат жағылған бояуға тән. Егер түс дақтары көп араласып кетсе, онда бояу түсі күңгірт тартып, жойыла бастайды. Сол себепті акварель кескіндемесі бір қабатты бояу мен қағазды дұрыс тандап, олардың өзіндік ерекшеліктерін акварель жұмыстарында ұтымды қолдана білген жөн.

Табиғат әлемінде кездесетін барлық түс дақтары екі топқа бөлінеді: 1.Хроматикалық (түстік) түстер. 2) Ахроматикалық (түссіз) түстер. Хроматикалық, түстерге-қызыл, сары, көк, асыл, т.б. түстер және олардың түрлі қоспасы жатады; Ахроматикалық түстерге –ақтан қараға дейінгі сұр түстер жатады.Хроматикалық түстер түс өңіне, жарықтығына, қанықтығына байланысты ажыратылады.Ахроматикалық түстер тек жарықтың түсу деңгейімен анықталады.

Кескіндемедегі бейнелеу төмендегі шешімдердің нәтижесі болып есептеледі: 1. Нұсқаның жалпы рендік (тон) және түстік (цвет) күйі мен бояулардың жақындығы аумағында үлкен дақтардың рең және түс қатынастарын табу; 2.Түс үндестігі-жекеленген көлемді нәрсенің ауқымды түс арақатынасынан нақты түс шешімдерін табу; 3. Бейненің бүтіндігін тұжырымдап, композициялық ортасын айқындау.

Бейнелеу өнері тарихи туралы талдаулар мынадай тұжырым жасауға ықпал етті:1.Қазақ бейнелеу өнерінің даму жолын зерттеуде өнертанушылар зерттеуі, қазақ бейнелеу өнері шығармаларын дүние жүзі көлеміндегі өнер туындыларымен салыстыра талдап, немесе ел көлеміндегі даму тенденциясымен байланысты қарастырған;2.Қазақ бейнелеу өнерін зерттеушілер – ұлттық бейнелеу өнерін «ежелгі қазақ бейнелеу өнері», «Орта

ғасырдағы қазақ бейнелеу өнері», «Кеңес дәуіріндегі қазақ бейнелеу өнері», «Қазіргі қазақ бейнелеу өнері» бағыттарына жіктеген;3.Қазақ өнер танушылары белгілі бір кезеңде , белгілі бір өнердің түрінің пайда болуы немесе ерекше қарқынмен дамуына көңіл бөліп отырған. 4.Қазақ бейнелеу өнерін зерттеу барысында өнертанушылар өнердегі белгілі бір бағытты зерттеуге , өнердегі ағымның пайда болуына , ол ағымның жетілуі , толығының себептерін ашып көрсеткен.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдік ағымдар

Көркемдік -өнердің сапасы мен оны жасайтын шығармашылықты анықтайтын ұғым. Өнер әрқашан көркем, яғни, өнер сәнді шығарма жасауға тиіс. Эстетикалық әсемдіктің өнерге тән ерекше түрін ажырату мақсатында оған арнаулы көркемдік ұғымы тағылған. Көркемдік неғұрлым жоғары болса, өнер туындысының маңызы соғұрлым арта түседі. Өнердегі көркемдік өмірді шынайы бейнелеуді талап етеді. Шындықты бұрмалауды көркемдік талабы көтермейді. Көркемдік қоғамның дамып отырған талғамына жауап беруі тиіс. Өнерге тән танымдық пен жағымдылық көркемдіктің негізі болып табылады. Көркемдік өнер шығармасының барлық жақтарын қамтиды және әрбір элементіне байланысты шындықты бейнелеудегі өнердің басты құрамы – образ толық мағынада көркемдік дәрежеге көтерілуі қажет. Шығарманың тақырыбы мен идеясы , сюжеті мен композициясы , бояуы мен орындау техникасы көркемдік заңына бағынады. Олар жеке алғанда ойға орамды, сезімге жайлы келіп, гармониялық бірлестікті болуы көркемдік заңы. Өнер түрлерінің форма мен жанрларының көркемдік ерекшеліктері болады. Қашанда көркемдік эстетикалық мөлшерді сақтауы керек.

Көркем бейне, көркем образ-бейнелеу өнерінде, жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақты көрініс қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға бейнесі. Көркем бейне екі түрлі ерекшелік-жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу әне даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақты түрде көрсету-осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады. Көркем бейне-өнер саласында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі. Өнер шығармасындағы адамның көркем бейнесін алсақ, оның бой-тұлғасындағы, кескін кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау—сөйлеу әдісіндегі өзгеше сипат-елгілерді нақты бейнелеу арқылы суретші типтік қасиеттерді, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады.

Реалистік көркем бейне типтендіру тәсілімен жасалады. Суретші көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сиғызып бейнелейді. Сонда кейіпкердің кескін-тұлғасы, мінезіндегі көпке ортақ жалпылық қасиеттері де жекелік, жалқылық ерекшеліктерімен қатар бедерленеді.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдік ағымдар әр елден өнердің дамуына байланысты пайда болып дамып отырған. Бұл көркемдік ағымдардың қатарына натурализм, абстракционизм, модернизм, романтизм, символизм, импрессионизм, постимпрессионизм, футуризм, формализм, кубизм ағымдары жатады. Натурализм француздың натуралисте деген сөзінен шыққан, табиғи деген ұғымды білдіреді. Натурализм 19 ғасырдың аяғында Еуропа мен АҚШ әдебиеті мен жерінде пайда болған бағыт. Натурализм өмір материалдарын зерттеп игеруде, адам тағдыры мен мінезін жасауда ең әуелі оның табиғатына-биологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Натурализм эстетикасын қалыптастырып өсіруде ғылымның табыстары зор роль атқарады. Натурализм теоретиктері жазушыларды тек ғылым, оның ішінде табиғат туралы ғылым ғана романтикалық ауытқушылықтан, дәйексіздіктен сақтайды деп үйретті және өмірді, халық тұрмысын зерттегенде ғылыми дәлдікті, тиянақтылықты, шыншылдықты талап етті.

Натурализм бағытын ұстаған суретшілер де импрессионизм өкілдері секілді өмірді тікелей қабылдап, қозғалыстық нақты қалпын бейнелеуге бой ұрды. Сонымен бірге натурализм әлеуметтік құбылыстардың көлеңкелі жақтарын қамтуға талпынды. Натурализм бастапқыда тек нақтылы әдеби-тарихи бағытты ілдіріп, бейнелеу өнеріне ішінара ғана ықпал ете алды, әрі кейіннен жалпылама ұғымға айналды.

Абстракционизм латынның абстрагцио деген сөзінен шыққан, дерексіздік деген мағына беретін ұғым. Абстракционизм-кескіндеме өнерінде, мүсін мен графикаға нақты заттарды бейнелеуден бас тартатын ағым. Абстракты өнер 1910-13 жылдары кубизм, экспрессионизм, футуризм сияқты ағымдардың жіктелуі кезінде пайда болды. Көркемдік форманың қандай да көріністерінен (фактура, аумақ бояу) бас тартқан абстракты өнердің алғашқы үлгілерін Германияда В.В.Кандинский, Францияда Р.Дапоне, Ресейде К.С.Малевич жасаған. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін абстрактілі өнер дадоизм мен сюрреализм өкілдерінің жекелеген шығармаларынан байқалады. 20-ғасырдың 3-жылдарының басында, негізінен, Францияда әр ұлттық және әр бағытың суреткерлерін біріктіретін абстракты өнер топтары болды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында АҚШ-та «абстракты экспрессионизм» деп жариялаған, оқыс бояулар мен кескіндердің қиюласуын дәріптейтін мектептер пайда болды. 20-ғасырдың 50-жылдары абстракты өнер көркемөнердегі негізгі түрлердің біріне айналды. 20-ғасырдың 60-жылдарының аяғына дейін абстрактілі өнер ресми танылған жоқ, сыңар жақты бағаланды. Қатаң идеологиялық қысымға қарамастан абстракті өнердің әр түрлі бағыттары пайда болды.

Модернизм – француздың *moderne* -ең жаңа, қазіргі деген мағынаны білдіреді. Модерн 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басында еуропалық және америка өнерінен орын алған стильдік ағым. Бұл ағым Испанияда «Модернизм» деген атпен белгілі болды. Модернизм өкілдері пікіріне қарағанда ол қоғам құруға ықпал жасарлық жаңа өмір стилі, адам баласына эстетикалық ләззат алар орта мен тұрмыс жағдайын туғызу, байырғы дәстүрден бөлек, қазіргі конструкциялар мен материалдарды жаңа тәсіл, тәжірибелермен пайдалану арқылы өнерге жаңа жол салу болып табылады деп тұжырымдайды.